

Жеке және заңды тұлғалардың орман қоры туралы ақпаратты пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 18-02/1057 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда № 12518 болып тіркелді.

2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің Қазақстан Республикасы 58-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жеке және заңды тұлғалардың орман қоры туралы ақпаратты пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 18-02/1057 бұйрығымен
бекітілген

Жеке және заңды тұлғалардың орман қоры туралы ақпаратты пайдалану қағидалары

1. Осы Жеке және заңды тұлғалардың орман қоры туралы ақпаратты пайдалану қағидалары Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 58-бабы 2-тармақшасына сәйкес әзірленген және жеке мен заңды тұлғалардың орман қоры туралы ақпаратты пайдалану тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Орман қоры туралы ақпарат орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік орман мониторингі, орман орналастыру деректерін және орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органы (бұдан әрі – уәкілетті орган) және (немесе) мемлекеттік орман орналастыру ұйымдары алған өзге де деректерді қамтиды.

3. Орман қоры туралы ақпаратты сақтауды, пайдалануды және оған иелік етуді орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган, оның тиісті ведомствосы, аумақтық органдары және ведомствоның ведомстволық бағыныстағы ұйымдары жүзеге асырады.

4. Орман қоры туралы ақпаратты пайдалануды келесі ұйымдар жүзеге асырады:

1) аумақтарды дамытуды жоспарлау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөнінде бағдарламалар әзірлеу, орман пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану үшін төлемақыны есептеу және орман шаруашылығы саласындағы басқа да мәселелер бойынша – мемлекеттік органдар;

2) жобалау-іздігіру және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін бастапқы деректер алу мәселелері бойынша жобалау-іздігіру, ғылыми-зерттеу ұйымдары;

3) жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

5. Мемлекеттік құпиялар және өзге де шектеулер қамтылмаған орман қоры туралы мәліметтер жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады және мүдделі жеке және заңды тұлғаларға олардың жазбаша өтінімдері бойынша беріледі.

6. Орман қоры туралы ақпаратты пайдалану қағаз немесе электронды тасымалдағыштарда стандартты түрде ресімделген құжаттармен танысу және (немесе) оларды алу, сондай-ақ байланыстың техникалық телекоммуникациялық құралдарын қолдана отырып, деректер банкіне тікелей рұқсат етілген қолжетімділік нысанында жүзеге асырылады.

7. Орман қоры туралы жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат көбейтілуге жатпайды (бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудан басқа) және:

материалдарды ашық баспасөзде жариялау;

оларды радио мен теледидар арқылы беру;

халықаралық, шетелдік және ашық конференцияларда, кеңестерде, симпозиумдарда жария ету;

кинофильмдерде көрсету;

мұражайларға, көрмелерге, жәрмеңкелерге қою;

жұрт алдында диссертация қорғау;

қоғамдық ұйымдардың талдамалық шолуларында қолдану;

Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін.

8. Орман қоры туралы ақпаратты пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК